

## **Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясы**

Тамақтандырудың сапасына мониторинг жасау үшін жүргізілген тексерудің қорытындысы

**2019-2020 оқу жылы I тоқсан**

Мектеп директорының 01.09.2019 жылы №87 бұйрығы негізінде 2019 жылдың қыркүйек, қазан айларында мектептегі тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы құрылған.

### **Комиссия құрамы төмендегідей:**

1. С.Алмағанова – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
2. Г.Тасмағамбетова – әлеуметтік педагог;
3. С.Түменбаева – мектеп медбикесі;
4. Б.Көшмағамбетов – ата-аналар кеңесінің төрағасы;
5. О.Тарабрина – мектеп директорының шаруашылық жұмыстар жөніндегі орынбасары.

Комиссияның мақсаты мектеп асханасындағы дайын тамақ өнімдерінің сапасын, тағамдарды дайындау технологиясына, мектеп асханасының талапқа сай жұмыс жасауын қадағалау.

2019-2020 оқу жылының басында тегін ыстық тамақпен жалпы 201 оқушы қамтылған. Оның ішінде 1-4 сынып арасында -165 оқушы, 5-11 сынып – 36 оқушы қамтылған. Бір мезгілдік ыстық тамақ беруді ұйымдастыру, қадағалау, басшылық жасау әлеуметтік педагог *Т.Тасмағамбетов* жүктелген. Ыстық тамақ мектепке тасымал арқылы жеткізіледі. Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясы оқушыларына арналған 4 апталық ас мәзірі дайындалған. Тегін ыстық тамақпен қамтылған балаларға күнделікті асханадан берілетін ыстық тағамдары ЖК «Байғужина» бекіткен ас мәзіріне сай дайындалып келеді. Келген калькуляцияға сай күнделікті ас мәзірі мен тағамдардың бағамдары мен шығу граммдарына медбике келісім беріп, мектеп басшысы бекітеді. Тағамның жеткілікті қолданылуы, дайын астың сапасы туралы брокеражды журналды күнделікті мектеп медбикесі С.Түменбаева уақытылы толтырып отырады. Бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемі мен тәуліктік сынама алу мен сақталуы қамтамасыз етілген. Мектеп асханасы оқушылардың тамақтануына арналған жеткілікті ыдыстарымен қамтамасыз етілген. Мектеп асханасында ақпараттық стенд орнатылған, ас мәзірі мен балалар тізімі ілінген. 1-ауысымда 3 мезгіл тамақ ішіледі. 1-мезгілде 1 сынып -46 оқушы, 2-мезгілде 4 сынып – 39 оқушы, 3-мезгілде 5-11 сынып – 36 оқушы тамақ ішеді. Ал 2- ауысымда 2 мезгіл ішеді.

1-мезгілде 2 сынып – 41 оқушы, 3 сынып – 39 оқушы ішеді. Асханада бір мезгілде 40 бала отыратын орын мен орындықтармен жабдықталған. Асханада 1 ауысымда оқитын оқушылар үшін сағат 9.10-10.05 және 10.45-те, 2-ауысымда 15.25 және 16.15-те тамақ беруді ұйымдастырады.

2. Балалардың күнделікті тамаққа қатысуын сынып жетекшілер қадағалайды.

Комиссия асхана жұмысын қанағаттанарлық деп бағалады.

ДШЖО:



О.Тарарбрина

ДТЖО:




С.Алмағанова

Медбике:



С.Түменбаева

Ата-ана:



Б.Көшмағамбетов

Әлеуметтік педагог :



Г.Тасмағамбетова